

## Бюроның «Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесі

Пайдаланушылардың статистикалық ақпарат қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Бюро деректерді «Талдау» АТЖ-да жариялайды.

Жүйе пайдаланушыларға қолайлы интерактивті режимде статистикалық көрсеткіштер бойынша барлық өзекті статистикалық ақпаратты ұсыну мақсатында іске асырылған.



## «Талдау» АТЖ-ның мүмкіндіктері мен артықшылықтары:

- деректерді әртүрлі кестелік, графикалық және картографиялық түрде және бөліністерде ұсыну;
- деректерді берілген шарттар бойынша визуализациялау;
- деректерге талдау жүргізу үшін құралдарды ұсыну;
- таңдап алынған деректерді немесе талдау нәтижелерін қолжетімді жалпыға ортақ қабылданған (Excel, PDF, PNG, JPEG, SVG және т. б.) форматында шығарып алу;
- кілт сөз және жіктелім элементінің атауы бойынша іздеу.

## «Талдау» АТЖ мына модульдерді қамтиды:

«Жеке кабинет» – әр пайдаланушының өзінің «Жеке кабинетін» ашу мүмкіндігі бар, оның көмегімен ол өзіне қажетті кестелер, графиктер, диаграммалар жасап, сонымен қатар өзінің жеке бетінде сақтап алуына болады.

«Көрсеткішті іздеу» – кілт сөз бойынша көрсеткішті жылдам іздеуді және жіктелім элементінің атауы бойынша жедел іздеуді қамтиды.

«Талдау» – пайдаланушыларға қажетті көрсеткіштер бойынша өз бетінше салыстырмалы талдау жасауға, сондай-ақ жүйенің өзіндегі талдау түрлерін қолдануға мүмкіндік береді.

«Статистика бөлімдері» – таңдалған статистика саласы туралы ақпаратты қамтиды.

«Конструктор» – пайдаланушыларға АТЖ-ға жүктелген статистикалық көрсеткіштер бойынша өз кестелері мен диаграммаларын құруға мүмкіндік береді.

«Өңірлер» – негізгі көрсеткіштер бойынша Қазақстан Республикасының 17 өңірінің әрқайсысы бойынша ақпаратты қамтиды.

«Талдау» АТЖ-да тұрақты негізде өзектендірілетін 3000-нан астам статистикалық көрсеткіштер бар: олар 2000 жылдан бастап жылдық кезеңділікте және 2011 жылдан бастап айлық және тоқсандық кезеңділіктерде, бірнеше жылдар динамикасында көрсетіледі.

Сіз «Талдау» АТЖ-ның барлық статистикалық көрсеткіштерін Бюроның [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет-ресурсы немесе [www.taldau.stat.gov.kz](http://www.taldau.stat.gov.kz) сілтемесіне өту арқылы көруіңізге болады.

**Біздің мекенжайымыз:**  
010000, Қазақстан Республикасы  
Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел, 8  
Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс  
Ақпараттық қызмет: +7 749010, 749011  
Факс: +7 7172 749546  
E-mail: e.stat@aspire.gov.kz  
Интернет-ресурс: <http://www.stat.gov.kz>

Таралымы: 300 дана



Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

[www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

## е-Статистика пайдаланушыға






«е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесі – бұл статистикалық нысандарды онлайн режимінде қабылдау, статистикалық деректерді сақтау мен өңдеу, статистикалық ақпаратты қарау және оған талдау жүргізу мүмкіндігін қамтитын статистикалық қызмет процестерін толық автоматтандыру

## «е-Статистика» ИАЖ келесі ақпараттық жүйелерді қамтиды:

- Бюроның Интернет-ресурсы;
- Деректерді on-line режимінде жинау;
- Ақпараттық-талдамалық жүйе;
- Ішкі Интранет-портал;
- Алғашқы статистикалық деректерді сақтау орны;
- Алғашқы статистикалық және әкімшілік ақпаратты өңдеу;
- Агрегатталған көрсеткіштердің деректер базасы;
- Жіктеуіштер және стандарттар;
- Метадеректер;
- Халықтың статистикалық тіркелімі;
- Статистикалық бизнес-тіркелім;
- Тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімі;
- Ауыл шаруашылығының статистикалық тіркелімі;
- Әкімшілік ақпараттық деректер базасы;
- Интеграциялық компонент;
- Халық санағы.

«Деректерді on-line режимінде жинау» АЖ респонденттерге жүктемені азайту мақсатында әзірленген. Респонденттер өз есептерін Бюроның [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) интернет ресурсы немесе <https://cabinet.stat.gov.kz> арқылы Ұлттық куәландырушы орталығының электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалана отырып жұмыс орнынан тапсыра алады.





## Жаңа «Респондент кабинетінің» ерекшеліктері:

- пайдаланылатын браузерде ЭЦҚ импорттау қажет емес;
- e-token, kaztoken, жеке куәліктегі ЭЦҚ-ның және т.б. құрылғыларын пайдалану мүмкіндігімен авторизациялау және есептерге қол қою;
- статистикалық нысандарды электронды түрде online режимінде тапсыру;
- қызметі жоқтығы туралы анықтама тапсыру;
- статистика органдарына тапсыруға арналған статистикалық нысандар тізбесін (Жүгіртпе) қарау;
- алдыңғы кезеңдерге есепті және хабарламаны шығару;
- тапсырылған есептердің тарихын қарау;
- статистикалық нысандар бойынша қарыздар тізімін болған жағдайда қарау және шығару;
- байланыс ақпаратын және экономикалық қызмет түрін өзгерту.

## «Респондент кабинетінің» мобилдік қосымшасы

- Мүмкіндік береді:
- статистика органдарына тапсыруға қажетті статистикалық нысандар туралы «Жүгіртпе» ақпараттарын қарауға;
  - ұсынылған статистикалық нысандар тарихын қарауға;
  - Қарызды тексеруге;
  - статистикалық нысандарды тапсыру мерзімдерінің келуі және жақыдауы туралы Push-up хабарлама алуға мүмкіндік береді.



Бюроның [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) Интернет-ресурсы – «е-Статистика» ИАЖ-дың басты компоненттерінің бірі, өзекті және анық статистикалық ақпаратты таратудың маңызды арнасы болып табылады. Бюро сайтында барлық статистикалық ақпарат қол жетімді және күнделікті жаңартылып отырады, сонымен қатар 1991 жылдан бастап тарихи деректер жүктелген. Заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді тізім бойынша, электронды машинаформатында, әрі қарай әр түрлі қолданбалы бақдарламалық жасақтамада талдап, жүктеуге болатын ерекше әмбебап «Заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді іздеу» API интерактивті модулі жұмыс жасап тұр. «Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесі және «Респондент кабинетіне» сілтемелер орналасқан.

